

## ҚАЗІРГІ АҚЫН ӘЙЕЛДЕР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МЕТАМОРФОЗА КӨРІНІСТЕРІ

Отарбасва Ғ.

*СДУ магистранты*

Қазіргі әдеби даму, көркемдік ізденістер әдебиеттану ғылымының алдына күрделі міндеттерді шешуді қоюда. Сондай міндеттердің бірі әдебиеттегі мифологизм мәселесі, мифопоэтикалық құрылым, мифологияда көрініс беретін метаморфозалар мен оның түрлері, құбылушылық желілерінің көркем әдебиетке қалай келгенді, оның көркемдік-идеялық қызметі.

Әдебиеттегі құбылу сарыны, метаморфоза туралы пайымдаулар әлемдік әдебиеттануда өзінің бастауын әріден алады. Адамзат санасының алғашқы дәуіріне тән деп саналатын мифологиялық ойлау уақыт өте келе көркемдік ойлауға негіз болды. Әдеби шығармадағы көркемдік шындықтың бейнеленуінде мифтік негізде туындаған образдар мен сюжеттер жүйесі маңызды қызмет атқарғаны белгілі. Бұлайша бейнелеуге жүгіну көркемдік тәсілдердің бірі ретінде көркем сөз тарихында кеңінен қанат жайды. Ұлттық әдебиетімізде де мифтік дүниетаным көркемдік мақсатта сан салалы бейнелеулерге негіз болды.

Ғалым С. Қасқабасов мифтік құбылудың үш түрлі себебін атап көрсетеді. Бірі – адамның қатты шаршауы салдарынан («Ұйықтаған батыр»); екіншісі – адамның күнәлі болуы («Сынтас», «Келіншектау»); үшіншісі – қауіптен құтылу жолы («Қырық қыз»). Бұлардың бірінші және үшінші түрі, яғни адамның өз-өзінен аңға айналуы мен шаршағаннан ұйықтап кетіп, құбылуы мифтік сананың бірінші кезеңіне сай. Ал, күнәлі болғандықтан құбылуға түсу кейінге, дамыған мифологияның жемісі. Оның мысалы «Келіншектау», «Суыр», «Еділ мен Жайық» ертегілері[1/72-77б.]

Сонымен қатар, құбылушылықтың мақсатты және мақсатсыз болатынын айта келіп, «ешқандай мақсатсыз болатын құбылушылық кездесетін мифтер дүниедегі нәрсенің бәрі бірдей деген түсінікке негізделген», [1/70] - дейді. Яғни, мақсатсыз құбылушылық мифтік сананың алғашқы сатысына, мақсатты құбылушылық мифтік сананың кейінгі сатысына тән.

Мифтік құбылушылық көркемдік тәсіл ретінде көркем жазба әдебиетте кеңінен қолданылады. Грек мифтеріндегі құбылушылықты көркем түрде бейнелеген Овидийдің «Метаморфозаларын», австриялық жазушы Ф. Кафканың «Құбылу» повесін, Г.Г.Маркестің «Жүз жылдық жалғыздығын», Апулейдің «Алтын есек» туындысын назарға алсақ, мифологияның көркемдік-идеялық мақсатта жұмсалыуын аңғарамыз. Метаморфозаларға мұндай иек артып, ол арқылы ой өрбітуден, тағы да айтамыз, өткен, ХХ ғасырда қазақ әдебиеті де кенде қалған жоқ. М. Жұмабаевтың, С. Сейфуллиннің, Ш. Айтматовтың көркем туындыларында құбылушылық орын алса, мұндай желі қазіргі ұлттық әдебиетімізде О. Бөкей, Р. Нұрпейісов, М. Айтқожина, Е. Раушанов, Т. Нұрмағаметов сынды ақын-жазушылардың шығармаларында кездеседі. Біз енді осындай метаморфозалардың поэзиядағы көріністеріне тоқталмақпыз.

Поэзияда да мифтік құбылушылық сан қырынан, түрі желіде көрініс бөріп отырды. Мысалы, С. Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы Жеке батыр туралы аңызда батырдың тасқа айналуы туралы айтылса, М. Жұмабаевтің «Оқжетпестің қиясында» поэмасында осындай құбылушылық желісі бар. Р. Нұрпейісовтің «Ақ бұғы және аңшы», М. Айтқожинаның ғашықтардың аққуға айналуы жайлы поэзиялық туындылары да осы құбылушылыққа үндеседі. Мифтік құбылушылық ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінде суреткердің көркемдік-идеялық тәсілі ретінде көрінді.

Белгілі бір мақсатты көздеп, басқа бір нәрсеге айналу армандайтын мифтік құбылушылық түрлері кездеседі. Бірақ бұл толық құбылушылық емес, құбылушылыққа деген ынтызарлық. Бұндай метаморфоза көбіне лирикалық поэзияда көптеп кездеседі.

Мұндай мифтік құбылушылыққа деген ынтызарлық М. Мақатаев «Өмір сүрейік алмасып» өлеңінен де көрінеді:

Жапырақ -жүрек жас қайың,  
Жанымды айырбастайын.  
Сен адам бола бастасаң,

Мен қайың бола бастайын.  
 Жапырақ-жүрек жас қайың,  
 Жанымызды айырбастайық.  
 Адам боп жүрсең қасқайып,  
 Қайың боп тұрам қасқайып,  
 Тәуекел, айырбастайық![2/243]

Бұл олеңнен көне мифтік ұғым елес береді. Алдымен айтарымыз – адам мен табиғат бірлігі туралы таным. Содан кейін, сол бірлік негізінде туындаған барлық зат пен құбылыстың жаны (рухы) бар деген сенім. М. Мақатаевтың лирикалық қаһарманы қайыңға айналуы көксесе, Жанат Әскербекқызының:

...Көз	жазып	қап	күлкімнен.
Көзге		тамшы	іркілген.
Күте-күте			жолыңды.
Күзге айналам бір күн мен, [3]-			

деген олең жолдарындағы лирикалық кейіпкер құбылушылыққа ынтызарлықты өзінің ішкі жан-дүниесінің әлегін, жүрек сырын жеткізудің көркемдік құралы ретінде пайдаланады.

Мифтік құбылуға деген ынтызарлықтың шебер үлгісі Құралай Омардың төмендегі олең жолдарынан да байқауға болады.

...Келмес сәтті ойладым да, ерідім,  
 Аңсағанмен оралмайды алайда.  
*Жаңбыр – тамшы жүзді жуды, серігім,*  
*Аспан болсам көрер едің қалайда.*  
 Көкірегімнен күмбір-күмбір күй ақты,  
 Ақша бұлт боп қайда көштің, тұрақта.  
 Аспан шексіз, қиялдарым сияқты,  
 Ол да жалғыз бірақ та...[4]

Екі желі де адам бір түрден екінші түрге ауыса алады деген мифтік ұғымның көркем мифологияға айналып, ақындық идеялық мұрағты таптыту жолында қызмет атқарып түр деуімізге болады. Яғни мифтік құбылушылықтың қазіргі әдебиеттегі сипатын танытады.

Мифтік санаға тән құбылушылықтың бір ұшығы адам мен жануарлар арасына жік қоймаған мифтік санада жатыр. «Өте ертедегі мифтердің қатарына жануарлар туралы мифтер кіреді. Жануарлардың адамнан пайда болғанын немесе адамдардың арғы тегі жануарлардан деп түсіндірілетін өте ертедегі архаикалық мифтер бар. Адамның жануарға, аң-күстарға айналуы туралы мифтер жер шарындағы барлық халықтарда дерлік бар»[5/55]. Яғни, **метаморфоза** дегеніміз – адам мен жануар ғана емес, адам мен табиғат арасына жік қоймаған сенімнен туындаған мифтік құбылушылықтың көркем әдебиеттегі көрінісі деген ереже туындайды. Алайда, әдебиеттің, әдебиеттану ғылымының даму барысында метаморфоза адам баласының жануарға, тау-тасқа, өсімдікке айналып кетуі деген ұғыммен ғана шектелмейді. Сонымен қатар, адамның ішкі психологиялық жай-күйінде, жан-дүниесінде болып жатқан түрлі рухани құбылуларын да қамтиды. Иә, әр ғасыр өз метаморфозаларын тудырады. Бұл жағынан алғанда, метаморфозаларды өз заманының ақиқатын ашып, шындығын көрсетіп берудің баға жетпес әдеби тәсілі деп айшықтауға болады.

Бар болғаным қандай жақсы,  
 Сені көріп кетем.  
 Қар болғаным қандай жақсы,  
 Еріп кетем...  
 Бар болғаным қандай жақсы,  
 жолыңда олмеймін.  
 Қар болғаным қандай жақсы,  
 соңын көрмеймін... [6/5] –

деген олең жолдарында ақын Гүлнар Салықбай жоғарыда айтылып өткен, адам мен табиғат арасына жік

қоймаған танымды метаморфозалық параллелизм арқылы шебер жырласа, Жанат Әскербекқызы «Іздеме» деген өлеңінде:

Іздеме мені, сен үшін енді жоқпын мен,  
Нәп-нәзік жаңды бөлісіп кеттім шоқ гүлмен.  
*Ақша бұлт болып, төбеңде сәл-пәл аялдап,*  
Мөп-мөлдір тамшы жасымды төгіп өттім мен.  
...Іздеме мені, бұл күнде қалған құр сұлдем,  
Мен дегін мейлі, қамкөңіл күзді күрсінген.  
*Көктемдей көңіл түнжыр қалыпқа ауысып,*  
Астасып кеткен аяулы сезім тылсыммен... [7] – деп, адамның ішкі

психологиялық жай-күйінде, жан-дүниесінде болып жатқан түрлі рухани құбылуларды керемет суреткерлік шеберлікпен, биік көркемдік таным деңгейінде жырлайды.

Дәл осындай лирикалық иірімдеге толы метаморфоза Танагөз Толкынқызының өлеңдерінен де көрінеді:

...Шатастым мен шырмауыңа түстім де,  
Жылай да алмай, жырлай да алмай түнердім.  
Мұң шағады сынық канат құс кімге?  
Мені жыңды көбелек қып жібердің, [8] -

немесе, «Танысалық, мен аппақ қар боламын» атты өлеңінде:

Ақ пен қара өмірдің қос жолағын  
Аппақ түске боямақшы боламын.  
Ішімдегі сыймаған соң зор ағын  
Қарға айналып қара жерге қонамын.  
Танысалық, мен аппақ қар боламын.  
Ренжітпеңдер ертегі елі қонағын.  
Рас, талай жүректерді тонадым...  
Ызғарымнан кейде өзім де тоңамын.  
...Қолшатырлар шықты міне шеруге.  
Шықты, бәлкім, қыс келгенін көруге.  
Рұқсат берші ерніңе кеп еруге,  
Рұқсат берші шыққа айналып өлуге,  
Ақ қармын мен деген... [8] –

деген өлең жолдары поэзиядағы метаморфозаның озық үлгісі бола алады. Ақын сүйіктісін сағына күткен жас арудың жан тебіренісін шебер суреттей отырып, мифтік құбылушылықты шығарма идеясына сай сәтті пайдалана білген. Мифтік құбылушылықтың мақсатты түрі. Ақ қар қашанда адалдықпың, пәктіктің, тазалықтың символы ретінде қалыптасқан. Міне, ақын жанының өмірдің қара жолағын ақ түске боямақ болған тазалыққа ынтызарлығы мақсатты құбылушылыққа желісіне жүгіндіреді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы – Алматы: Жазушы, 1984 ж.
2. Мақатаев М. Таңдамалы. Т.3 – Алматы, 1993ж.
3. <http://www.aitumar.kz/2009/02/zhanat-askerbekqyzy/>
4. <http://www.on.kz/u44083/blogpost/26008/>
5. Қазақ әдебиетінің тарихы. I том
6. Салықбай Г. Аспандағы аңсарым – Алматы: Жазушы, 2001. – 144 бет
7. [http://www.massagan.com/oleng.php?mod=akyn\\_olengderi&olenid=3356&akyn\\_id=981](http://www.massagan.com/oleng.php?mod=akyn_olengderi&olenid=3356&akyn_id=981)
8. [http://www.massagan.com/oleng.php?mod=akyn\\_olengderi&olenid=7198&akyn\\_id=329](http://www.massagan.com/oleng.php?mod=akyn_olengderi&olenid=7198&akyn_id=329)

#### Summary

In this article considers the metamorphoses in the modern kazakh women poetry are shown and also reviewed distinctly. To be precisely the author concentrates on the features and peculiarities of artistic ideas in the poetry of Kazakh female poets such as Zh. Askerbekkyzy, K. Omar, G. Salykbai, F. Tolkyntyzy.